

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ЖШС "Зейінді бала" балабақшасы

Топ: «Балапан» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 18-22 желтоқсан айы, 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 18.12.2023ж	Сейсенбі 19.12.2023ж	Сәрсенбі 20.12.2023ж	Бейсенбі 21.12.2023ж	Жұма 22.12.2023ж
Балаларды қабылдау	Міндеті: Қажетті сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолдануға, ересектермен бірге ертегілерді сахналауға, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамытуға баулу. «Мақта қыз бен мысық неге ренжісті...?» Мақсаты: Ертегі туралы айту. Кейіпкерлердің атын айту, сахналауға үйрету. Өз бетінше айтуға үйрету. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Міндеті: Қажетті сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолдануға, ересектермен бірге ертегілерді сахналауға, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамытуға баулу. «Көлеңкесін тап...» Мақсаты: қойылған сұрақтарға өз бетінше жауап беруге дағдыландыру. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Міндеті: Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету. «Балабақшаға келер жолда, менің таныс заттарым...» Мақсаты: Айналадағы заттардың ұқсастығын ажырата білуге, айналадағы тазалыққа мән беріп үйренуге тәрбиелеу. (Математика негіздері, қоршаған ортамен	Міндеті: дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айтуға үйрету. «Сиқырлы дыбыстар» Мақсаты: тілдік ойындар мен жаттығуларды қолдана отырып балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айтуларын қалыптастыру. (Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)	Міндеті: Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету. «Ұқсас затты тап, қажеттілігін айт» Мақсаты: Айналадағы заттардың ұқсастығын ажырата білуге, айналадағы тазалыққа мән беріп үйренуге тәрбиелеу. (Математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру)

			таныстыру)		
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.	Баланың басқа балалармен қарым – қатынасы жайлы әңгімелесу.	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.	Баланың басқа балалармен қарым – қатынасы жайлы әңгімелесу.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Міндеті: Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету. Дидактикалық ойын: «Заттарды топтау» Мақсаты: Заттарды көлеміне, түсіне, түріне қарай ажыратып топтауға үйрету. Ойнау арқылы тәртіп дағдыларын меңгерту. (Математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру)	Міндеті: заттардың санын ажыратуға үйрету. Үстел үсті ойыны: «Ғажайып тастар» Мақсаты: марблс тастарын санау арқылы санауға қызығушылықтарын ояту. (Математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру)	Міндеті: сюжетті эмоционалды қабылдауға, кейіпкерлерге жанашырлық танытуға тәрбиелеу. «Жеті лақ» ертегісі желісімен Мақсаты: Ертегіні тыңдау, ертегі бойынша сұрақтарға жауап беру. (Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Міндеті: Ойын жаттығулары арқылы заттар арасынан бір немесе бірнеше заттарды табу, тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету. Мақсаты: Кегельдер арасымен өтіп тапсырмалар орындау. (Дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру, Математика негіздері.)	Міндеті: сюжетті эмоционалды қабылдауға, кейіпкерлерге жанашырлық танытуға тәрбиелеу. «Мақта қыз бен мысық» ертегісі желісімен Мақсаты: Ертегіні тыңдау, ертегі бойынша сұрақтарға жауап беру. (Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау. Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру.				

	Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Б.қ.: «тик-так» Аяқтары алшақ , қолдары белде. «тик» сөзін айтып басты оңға қисайту , «так» сөзін айтып басты тік ұстау, басты солға қисайтып қайталау. (6 рет қайталау) Б. Қ.: «иықтың жүруі» Аяқ иық көлемінде, қолдар иық үстінде. Иықты артқа, алдыға қарай айналдыру. /6 рет қайталау/ Б. Қ.: «ағаштар тербеледі» Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жоғарыда. Оң жаққа, сол жаққа тербелу. /6 рет қайталау/ Б.қ.: «күнге жетемін» Орнында тұрып секіру. (10-15 секунд) Қорытынды: шеңбер бойы жүру. Адымдап жүру.(Дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Асың, асың, асыңа, Бақыт қонсын басыңа, Дастарханың мол болсын, Көңіл күйің жай болсын. Астарың дәмді болсын! Ботқаны тауысып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекеттер				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Денешынықтыру Тақырыбы: «Орманда» Міндеті: белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы тоқтап жүгіру Шеңбер бойымен	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Жүгіру түрлерін үйренеміз» Міндеті: Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі	Музыка Маман жоспарына сәйкес.	Дене шынықтыру (таза ауада) Тақырыбы: «Желаяқта» Міндеті: Жүгіруге арналған жаттығу түрлерін орындау.	Қазақ тілі Тақырыбы: «Көңілді қыс» Міндеті: Қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап беруге, қажетті сөздер

	тұрып: 1.Жалпы жетілдіруші жаттығулар.(бас, дене, аяқ бөліктеріне арналған) 2.Негізгі қимылды жетілдіруші жаттығулар: - Тәрбиеші артынан жүгіру. - Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден жүгіру. -Алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру. Қимылды ойын: «Қасқырлар мен лақтар» Бақылау, қадағалау, көмек беру. Тыныс алу жаттығуы: «Шар үру»	бойынша көрсетілген жерге жүгіру Шеңберде: 1.Жалпы жетілдіруші жаттығулар. (бас,дене,аяқ бөліктеріне арналған) 2.Негізгі қимылды жетілдіруші жаттығулар - Тура бағытта жүгіру. -Шеңбер бойымен жүгіру. -Көрсетілген белгілі бір межеге дейін жүгіру. Қимылды ойын: «Күн мен түн» Бақылау, қадағалау, көмек беру. Тыныс алу жаттығуы: «Шар үру» Еркін ойындар ойнау.		Саппен шеңбер бойлай жүріп: 1.Жалпы жетілдіруші жаттығулар.(бас,дене, аяқ бөліктеріне арналған) 2.Негізгі қимылды жетілдіруші жаттығулар - тоқтап жүгіру. - белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру. Қимылды ойын: « Тым-тырақай» (музыка) Бақылау, қадағалау, көмек беру. Тыныс алу жаттығуы: «Шар үру» Еркін ойындар ойнау.	мен сөз тіркестерін дұрыс қолдануға дағдыландыру. Шаттық шеңберінде амандасу.-Армысың асыл күн, -Армысың жан досым. Жылуыма жылу қос, міне, менің қолым. Сұрақ-жауап әдісі арқылы «Көңілді қыс» тақырыбының мазмұнын ашу. Қазір қай мезгілі? Қыстың күзден айырмашылығы қандай? Қыста адамдар қалай киінеді? Қыстап қалған құстарға қалай көмектесеміз? Қыстабалаларқандай ойындаройнайды? Қыстынеліктенкөңілді депайтады? Жұмбақшешу. Қоймасынқысақтарып, Жердіжаптыақмаммық. (Қар) Көзіңкөрінбейді,
--	--	---	--	---	---

					Тондырыпқызартады. Күні-түніерінбейді, Өзенгемұзартады. (Аяз)«Дидактикалық ойын: «Аққала». Шарты: тақтағажартылайқиылыпжасалғанаққалабөліктеріілінеді. Үстелүстіндеқалғанбөліктері: мұрны, басынакиетіншелегіси яқтысуреттержатады. Балалар осы бөліктердіалып, жабыстырады.(Жапсыру) Тыныс алу жаттығулары.
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық – ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.				
Серуен	Серуен №11 Боранды бақылау. Мақсаты: Боран ұйтқып соққан желдің салдарынан, қыс мезгілінде болатын құбылыс	Серуен №12 Бұлтты бақылау. Мақсаты: Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру.	Серуен № 13 Күнді бақылау. Мақсаты: Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы	Серуен№14 Көліктерді бақылау. Мақсаты: көлік түрлері туралы білімдерін толықтыруды жалғастыру.Оларды	Серуен № 15 Қысқы ауа-райын бақылау. Мақсаты: Қыстағы ауа райы салқынды, боранды, аязды болатынын. Бүгінгі ауа-райын

екендігін көрсете түсіндіру. Жұмбақ: Қанаты жоқ ұшады, Аяғы жоқ желеді, Ауызы жоқ ұлиды. (Боран). Қимылдық ойын: «Байқап қал». Мақсаты: Байқампаздыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу. Жеке жұмыс: «Мен сыпайы баламын». Мақсаты: Айналадағы адамдарға ілтипатпен қарау. Қиналған кезде көмектес, сөйлескенде сыпайы бол. Айғайлама, сөзді бұзба, басқаларды тыңдай біл, қоғамдық орындарда даурықпа! Осы ережелерді сақтай отырып балаларды сыпайыгершілікке, адамгершілікке	Еңбек: Көшедегі қар инаушы машиналардың жұмысын бақылау. Мақсаты: Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін айту. Еңбекті дәріптей білуге үйрету. Жеке жұмыс: Бір халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ, Ұстаған қолдарында таяғы жоқ. Күніне талай жерге кетер кезіп, Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ. (Бұлт) Мақсаты: Балаларға бұлт туралы түсінік қалыптастыра отырып, есте сақтау қабілетін дамыту. Қимылдық ойын: «Мені қуып жет». Мақсаты: Шапшаңдыққа үйрету. Денені ширату арқылы	түсінік беру. Еңбек: «Қыс қызығы». Мақсаты: Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) Көркем сөз: Далада қандай тамаша, Ақ мамыққа оранған. Ақ дастархан жапқандай, Көз тоймайды қарасаң. Мақсаты: Балаларға жұмбақ, тақпақ жаттата отырып, тіл байлықтарын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру.	тануға, айырып атауға үйрету. Соның ішінде автобусты бақылату және олардың әртүрлі болатынын көрсету. Жол жүру ережелерін де қайталау. Қимылды ойын: «Аңшы мен қояндар» Мақсаты: жылжымалы лақтырған нысанға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру. Жеке жұмыс. Балаларға автобустағы мәдениеттілікті үйрету. Еңбек. Аланды жинау. Тазалыққа дағдыландыру. Көркем сөз: Жылыстайды даламның Ақ түнекті бораны. Түйіп алып қабағың, Басып қалды қораны.	айтыңдаршы. Балалар қысқы күннің ерекшеліктерін айту. Көркем сөз: Бір топ бала сырғанап, Барады әне жарысып. Қалды артта қыр қалып. Іздерінен қар ұшып Жеке жұмыс: Қыстың үш айын үйрету, ерекшеліктерін түсіндіру. Сұрақ-жауап. Балалардың қыс мезгілі өз ойларын айтуы. (Көркем әдебиет, тіл дамыту, қазақ тілі, дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру)
--	---	---	---	--

	баулу. Еңбек: «Таза жолдар». Мақсаты: Ауладағы жолды қардан тазалау. Еңбекқорлыққа баулу. Көркем сөз: Бір топ бала сырғанап, Барады әне жарысып. Қалды артта қыр қалып. Іздерінен қар ұшып. (Көркем әдебиет, тіл дамыту, қазақ тілі, дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру)	денсаулықты нығайту Көркем сөз Далада қандай тамаша, Ақ мамыққа оранған. Ақ дастархан жапқандай, Көз тоймайды қарасаң (Көркем әдебиет, тіл дамыту, қазақ тілі, дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру)	Қимылды ойын: «Айгөлек». Мақсаты: Денені шынықтыру, шапшандыққа , ептілікке баулу. (Көркем әдебиет, тіл дамыту, қазақ тілі, дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру)	(Көркем әдебиет, тіл дамыту, қазақ тілі, дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру)	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарғатұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетіне аяқ киімдерін өзбетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоюын қалыптастыру. Тамақтану кезінде орындық татикотыру. Астыңдәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпа мен сусынын төкпей ішуді үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік әрекет; Көркем әдебиет - коммуникативтік, танымдық әрекет (кітап оқып беру); Музыка – шығармашылық әрекет (музыка тыңдау); Қоршаған ортамен таныстыру – танымдық, еңбек (түймелерін, киімдегі ілгектерді өзбетінше шешу, киімдерді орындыққа немесе арнайы сөреге ұқыпты ілу);				

Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік әрекет; Музыка – шығармашылық әрекет (балаларды музыкамен біртіндеп ұйқыдан ояту); Дене шынықтыру - қимыл белсенділігі (орындарында отырып, дене жаттығуларын, тыныс алу жаттығуларын орындау); Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, танымдық әрекеттер (реттілікпен өзбетінше киіну, түймелерін салу, аяқ киімді дұрыс кию, қыздардың шашын тарау, өру);				
Бесін ас	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету (бесін ас алдында гигиеналық шараларды орындау, көркем сөз қолдану) Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті (кезекшілердің әрекеті) Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, танымдық әрекеттер (тамақтану)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Міндеті: бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдануға, ұжымдық құрылыс жасауға үйрету. (құрастыру) Дидактикалық ойын: «Мұз қалашықтар» Мақсаты: Белгілі геометриялық пішіндерден тапсырма бойынша құрастыру. «Суретші қай жерде қателесті?» ойыны «Суретші боламын» Міндеті: өнер туындыларына қызығушылықтарын арттыру (сурет салу, жапсыру,	Міндеті: Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. Мақсаты: Шығармашылық дағдыларын қалыптастыру. Өз қалауы бойынша бейнелеу түрін таңдау. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Танграмм ойыны: «Ормандағы түлкі» (құрастыру)	Міндеті: Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. «Неге ұқсайды?» (математика негіздері) Мақсаты: Шығармашылық дағдыларын қалыптастыру. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) «Конструктор» құрылыс ойыны Міндеті: бұрын алынған дағдыларды:	Міндеті: Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу «Ата-мен әжеге бауырсақ дайындаймыз» Мақсаты: Шығармашылық дағдыларын қалыптастыру. Өз қалауы бойынша бейнелеу түрін таңдау. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеті: жаңа ғимараттар салу. Мақсаты: бұрын	Міндеті: Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. Мақсаты: Шығармашылық дағдыларын қалыптастыру. Өз қалауы бойынша бейнелеу түрін таңдау. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Танграмм ойыны: «Аңдар қонақта» (құрастыру)

	мүсіндеу)		төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. Мақсаты: Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (құрастыру)	игерген дағдыларды қолданып жаңа ғимараттар салу. Танграмм ойыны: «Ғимараттар» (құрастыру)	
Баламен жеке жұмыс	Русланқызы Кәусарға 2-3 сөзден тұратын тіркестерді қолданып, сурет бойынша жұмыс жүргізу.	Сафияға суреттен жануарларды танып, танграмм ойынымен құрастыруға дағдыландыру.	Айзереге ермексазбен жұмыс жасауды ары қарай дамыту.	Джамилияға құрылыс материалдарымен жұмыс жасауды күрделендіріп үйрету.	Арыстанға шағын әңгімелерді оқып беріп, кейіпкерлерді атауға үйрету.
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; Серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
Серуен	Серуен №11 Боранды бақылау.	Серуен №12 Бұлтты бақылау.	Серуен № 13 Күнді бақылау.	Серуен №14 Көліктерді бақылау.	Серуен № 15 Қысқы ауа-райын бақылау.
Балалардың үйге қайтуы	Баланың бүгінгі көңіл-күйін баяндау	Баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгімелесу	Баланың бүгінгі жетістігі жайлы әңгіме	Ауа райына байланысты баланың киімі туралы әңгіме	Баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгімелесу